

**А.А. Дарғужиева**, әлеуметтік ғылымдарының магистрі

**А. Жәніс**, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ БІРІКТІРУДІҢ БАСТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

### Аннотация

«Тіл жоқ жерде - ұлт жоқ», - дейді Ш. Айтматов. «Ана тілін білмейтін адам - бір қолы жоқ шолақ адам сияқты», - дейді Ғ. Мұстафин. Тіл - халықтың алтын діңгегі. Өзін-өзі білетін әр халық алдымен өзінің туған тілін сыйлап, оны мақтан тұта білуі керек.

Мақалада қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы – мемлекеттік тіл мәселесі қарастырылады.

**Түйін сөздер:** тіл, саясат, жастар мәселесі, рухани жаңғыру, мемлекет.

*«Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар – ана тіліміз мәңгілік елмен бірге мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы деп білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек, өзіміз соған атсалысуымыз керек»*

**Нұрсұлтан Назарбаев**

Тіл - қарым-қатынас құралы, адамның ой өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып кеткен емес. Тіл мәдениеті—кез келген тілге қойылар маңызды талаптардың бірі. Халқымыз ауыздан шыққан әрбір сөзге абай болып, ойланып барып сөйлеген. Абай атамyzдың: «Сөз түзелді, тындаушы сен де түзел» деп кеткен сөзі бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жоймай отыр. Бүгінгі жастардың тіл мәдениеті соңғы жылдарда әр қырынан талданып, зерделенуде. Дегенмен, жастардың сөз мәдениетіне қажетті деңгейде назар аудару, зерттеу, тексеру - қазіргі тілтану ғылымының өзекті мәселесі. Сөйлеу мәдениетіне үлкен мән берген Абай атамyz:

Сүймек, сезбек, кейімек,

Харекет қылмақ, жүгірмек,-дейді. Кез келген халықтың тарихына үнілсеңіз де, өнер алды саналатын қызыл тілге, шешендік өнерге байланысты небір керемет асыл сөздерді табасыз. Шешендік өнерге биік парасат, жоғары мәдениеттілік керек. Ал мәдениеттілік тілмен тығыз байланысты. Тіл мәдениеті ғылымын ауызша сөйлеу мәдениеті және сөз қолдану—жазу мәдениеті деп бөлуге болады. Ауызша сөйлеу дәстүрін жандандырып, шешендікке үйрету—тіл мәдениетінің басты мәселелерінің бірі. Бұл күнде шешендік сөздің ролін көтеру—тіл мәдениетін көтерудің бір шарты, өйткені соңғы кезде топ алдында дұрыс, әсерлі, әсем сөйлеуге жөнді мән берілмей, босаңсып кеткен жайы бар. Мәселен, бүгінгі таңдағы жастарымыз мүлдем батыстанып бара жатқан тәрізді. Олар қазақ халқының сөз кестелерін бұрмалап, елден ерекше көрінгілері келе ме, шетелдің жаргон сөздерімен сөйлеуді күнделікті әдетке айналдырып алған. Қазақ халқы қашан да сөзге шешен, суырып-салма, дұшпанын бір ауыз сөзбен тойтарып отырған емес пе?! Бүгінгі жастардың сөйлеу мәдениеті мүлде өзгеше дәрежеде, жастарымыздың бір ауыз сөздің өзін кібіртктеп, тұтығып барып әрең жеткізетініне бәріміз де куә болып жүрміз. Сөйлеу барысында жалпы қолданыстағы

сөздерге орысша жалғау жалғап, өз тілімізде баламасы бола тұра кірме сөздерді шеттен тыс көп пайдаланып, оның үстіне қазақша қосымша жалғап, тіпті тарихи қалыптасқан сөйлемнің орын тәртібін бұзып қолданып жүргендері бар. Сөз құрамы—ғасырлар бойы жасалып, қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан бай қазына, қасиетті мұра. Әр ұрпақ оны қадірлеуге, құрметтеуге міндетті. «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» (7.10) дегендей, кешегі социалистік дәуірде қысым көрген ана тіліміз өшіп кете жаздап, халқымыз да жойылып кететіндей көрініп еді. Қазақ мектептері, балабақшалары жабылып, орысша оқыған заманның әсерінен қаншама «қара көздердің» бүгінгі ұрпағы да ана тілінен жұрдай. Бұған заман кінәлі дегенімізбен, еліміз егемендік алғалы да жиырма жыл болып қалды ғой. «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін»- деп Елбасымыз өзі де үлгі көрсетіп, теледидардан ұлттық тілімізде сөйлегенімен, көптеген замандастарымыз ана тілінде әлі күнге дейін толық сөйлеп жүрген жоқ.

Ана тілін білмеген

Ақысы жоқ желікбас.

Ана тілін сүймеген

Халқын сүйіп жарытпас, - дегендей ана тіліміздің қадірін кетіріп, шұбарлап сөйлеп, арды да шұбарлауда. «Арым—жанымның садағасы» деп кеткен ата-бабаларымыздың бүгінгі ұрпағының бұл жағдайы, әрине, ұнамсыз екені хақ. Сөз—тіл мәдениетінің басты белгісі. Ұлы Абай атамыз: «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, тептегіс жұмыр келсін айналасы» деген екен.

Тілді үйрету үшін тілдік орта қалыптастыру қажет. Ол үшін мемлекеттік қолдау – басты мәселе. Сонымен қатар оқушыларды жазғы демалыстарында қазақы лагерлер мен ауылдарға қоныстандырып, тіл үйренуге мүмкіндіктер жасалып, әр күніне бағдарлама құрып, қазақтың әдебиеті мен мәдениетін, әдет –ғұрып пен салт- дәстүрін, дінін қатыстырып білім- тәрбие беру керек. Қасиеттілікті дарыту, сіңіру, жетілдіру керек.

Қытайдың атақты философы Конфуций айтқан екен: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді (түсіндірілмейді). Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды» [2]. Қазақ тілінің маңыздылығын және қолданыс аясын кеңейтуді сонау Алаш зиялыларынан бастап бір ғасырдан бері айтылып, жазылып келеді. Бірақ ауыз толтырарлықтай нәтиже шықпады. Виртуалды кеңістікті қазақшалауға мемлекет тарапынан қолдау болмауынша ол дамымайды. Басқа тілдердің виртуалды кеңістікте жылдам дамып жатқан себебі, ол тілдерді қолданушылардың саны өте көп, он миллиондап, жүз миллиондап табылады. Виртуалды кеңістіктің дамуы оны қолданушылардың көптігімен саналады және көп болғандығы үшін де энтузистері бар, патриоттары бар, еріктілері бар бәрі жан-жақтан өз үлестерін қосып жатыр. Ол тіл мемлекеттің қолдауын аса қажетсінебейді. Ал бізде мұндай мүмкіндік тіпті атымен жоқ. Сондықтан бұл салада қазақ тілі тек мемлекеттің қолдауына сүйенеді. Болашақта виртуалды кеңістікте бәсекелесе алған тіл ғана өлмейтінін ескерсек, Қазақстанның азаматымын дегендер мен үкіметіміз тезарада тіліне көмек қолын созуы тиіс.

Тіл – ұлттың тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қарым-қатынас құралы. Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Тіл–қай ұлтта, қай елде болса да құдіретті күш. Ол әрбір адамның ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы–әр елдің мақтанышы.

Елбасы Н.Назарбаев өз Жолдауында: «Біз барша қазақстандықтарды біріктіруші басты факторлардың бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін

одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» деп атап көрсетті. Ата Заңның 7 бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл–қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай айқын жазылған. Осыдан екі жыл кейін қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп тағы да атап көрсетілді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында қазақ тілінің және тілдердің үштұғырлығы мәселесіне кеңінен тоқталып, «Қазақ тілі–біздің рухани негізіміз... Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз... Қазақстанның болашағы–қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез-келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады...» дей келе, «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз» деп, бүгінгі таңда тілдерді дамыту мәселесі мемлекеттік деңгейдегі міндет екенін де атап көрсетті. Сондай-ақ Елбасының «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деген сөздері арқылы тілдердің үштұғырлығы саясатының маңызы зор екенін аңғару қиын емес.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа Жолдауында «Біз жаңғыру жолында бабалардың мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымыздла бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек» деп атап көрсетті.

Ұлттық сананы қалыптастыру жолында тілдің атқарар ролі өте маңызды. Жербетіндегі адамға баласына қатысты дүниенің негізі Түйіні тіл болса, сол тіл арқылы адам мен адам, қоғам мен қоғам, қауымдастықтар мен өркениеттер танысып ұғысады. Қазақстан тәуелсіздік алғалы ширек ғасырдың ішінде зор табыстарға жетті, оның ішінде біз өзіміздің ана тіліміздің конституциялық құқықтарын айқындап жаздық. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп танылды, шетел тілдері оның қасында екінші немесе үшінші қосымша тіл ретінде қызмет атқаратын болды. Ұлттық сана мен мемлекеттік тілді бірінен-бірін ажыратып жатудың қажеті шамалы, бұл ұғымдар қажетті жағдайла бірдей де қолданыла береді. Себебі, бұл турасында Президент Н. Назарбаев: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп жазды «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жаңа бағдарламалық мақаласында. Ұлттық жаңғыру дегеніміз не? Жаңа ғасырдағы қазақтың келбет, бітім-болмысы қандай болу керек? Біз санамыздың қалай таза, ашық қалпында ұстай аламыз? Болашаққа бару үшін бізге не керек? Мемлекеттік тілдің келешектегі ролі қандай болады? Елбасы өз мақаласында осы және өзге де өзекті ойларға жауап іздейді. «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді, – деп жазады Президент. – Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр». Әлемдік өркениет көшінде әрбір ұлт өзінің барлық құндылықтарын, әсіресе тіл деген ұлы байлығын шама келгенше қорғап, сақтап жолында. Ұлттық сананың қалыптасу жолында, өткен тарих көшіндегі өнеге-ғибраттарды сақтау арқылы біз қазіргі аласапыран заманда ұлттық тілімізді қорғай аламыз. Өйткені жұлымыр уақыт, аласұрған кеңістік пен жаһанданған құбылыстардың қауіп-қатері барған сайын күшейіп отырғанына көз жетеді. Мемлекеттік тіл – ұлттық сананың ең басты Түйіні. Тілді сөйлеу арқылы санамыздың

бір түкпірінде жатқан өткен тарихқа деген көзқарасымызды түзейміз, келешекке деген сеніміміз ұлғаяды. Әлемдік өркениеттер тарихында өзгеше салтанат құрған кешегі көшпелілер дәуірінің ендігі кезеңдегі даму қарқыны да сол байырғыдан келе жатқан көне білдерін сақтауымен тікелей байланысты. Ұлттық тілді сақтау үшін сананың ашықтығы айқын болуын да Елбасы мақаласында дұрыс тұжырымдайды: «Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі».

«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді, – деп жазады Президент. – Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр». Әлемдік өркениет көшінде әрбір ұлт өзінің барлық құндылықтарын, әсіресе тіл деген ұлы байлығын шама келгенше қорғап, сақтап жолында. Ұлттық сананың қалыптасу жолында, өткен тарих көшіндегі өнеге-ғибраттарды сақтау арқылы біз қазіргі аласапыран заманда ұлттық тілімізді қорғай аламыз. Өйткені жұлымыр уақыт, аласұрған кеңістік пен жаһанданған құбылыстардың қауіп-қатері барған сайын күшейіп отырғанына көз жетеді. Мемлекеттік тіл – ұлттық сананың ең басты Түйіні. Тілді сөйлеу арқылы санамыздың бір түкпірінде жатқан өткен тарихқа деген көзқарасымызды түзейміз, келешекке деген сеніміміз ұлғаяды. Әлемдік өркениеттер тарихында өзгеше салтанат құрған кешегі көшпелілер дәуірінің ендігі кезеңдегі даму қарқыны да сол байырғыдан келе жатқан көне білдерін сақтауымен тікелей байланысты. Ұлттық тілді сақтау үшін сананың ашықтығы айқын болуын да Елбасы мақаласында дұрыс тұжырымдайды: «Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі».

Қазақ елі аман болса, қазақ тілі де жасай бермек. Бүгінгі күні егемен ел ретінде әлем мойындаған Қазақстанға деген қызығушылық артып, өркениеттің материалдық ғана емес, рухани құндылықтарымызды да танып-білуге деген ынта-ықыласы тереңдей түсуде. Ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, айымыз оңынан, жұлдызымыз солынан туып тұрған шақта біз осы рухани құндылықтарымыздың қайнар бұлағы – қазақ тілінің қадір-қасиетін өзгеден бұрын өзіміз жете түсінуіміз қажет. Қазақ тіліне деген құрмет пен ықыласты ұлттық сана биіктігіне көтерген жөн. Бұл міндет – сіз бен біздің перзенттік парызымыз.

Сөзімнің соңын Елбасының ана тілі туралы айтқан мынадай көрікті ойымен аяқтағым келеді: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқысы болған – оның ғажайып тілі»

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1991. № 97 [3,2-б]
2. "Тұран -Қазалы" газеті[2,5б]
3. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарына арналған түсушілерге арналған оқулық-тест. Алматы: ШЫҢ-КІТАП, 2006-304б
4. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы.
5. Толқын Шайхыстанов «Мемлекеттік тіл- рухани жаңғыру тілі» Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы/Егемен Қазақстан. 16 қазан, 2004.
6. Б.Хасанұлы «Мемлекеттік тілді дамытудың стратегиясы және оны жүзеге асырудың аймақтық тактикасы». Орал, 2005
8. Б.Хасанов «Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан». Автореф. дис. док. филол. наук.-Алматы, 1992.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается значимость языка и его значение в воспитании молодежи.

## RESUME

In the article meaning fulness of language and his value are examined in education of young people.

ӨОЖ 37.016:57:802.0

**Г.А.Назарова**, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

**Н.С. Жөкеш**, магистрант

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университеті, Қызылорда қ.

### «ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» САЯСАТЫН ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНЕ БИОЛОГИЯ МАМАНДЫҒЫНДА ЕНДІРУ ТӘЖІРИБЕСІ

#### Аннотация

Бұл мақалада Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Жаратылыстану факультетіне «Үш тұғырлы тіл саясатын» ендірудің жолдары көрсетілген. Сонымен қатар тілді меңгеру барысындағы оқытушылардың тиімді әдістері мен тәсілдері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** үш тілді білім беру, үш тұғырлы тіл саясаты.

*«Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек»*

**Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»**

Қазақстан Республикасына енгізілген көптілді білім беру бағдарламасы тілді параллель және бір мезгілде оқытуды қамтиды, ол бірегей және оның батыстық аналогтардан өз айырмашылықтары бар.